

2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № а-1/10 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 ақпанда № 4644 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Атбасар ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса берілген 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атбасар ауданы әкімінің орынбасары Ш.Е.Бекмағанбетоваға жүктелсін.

2.1. Осы қаулының күші 2015 жылғы 1 қаңтардан туындаған құқықтық қатынасқа т а р а т ы л а д ы .

Ескерту. Қаулы 2.1.-тармақпен толықтырылды - Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 08.06.2015 № а-6/187 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа е н г і з і л е д і .

Атбасар ауданының әкімі

А.Никишов

Атбасар ауданы әкімдігінің

2015 жылы 19. 01. № а-1/10

қаулысымен бекітілген

2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

| № | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының түрі | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны | | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының айына жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері (теңге) | | Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге) | | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге) | |
|---|----------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|-------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|---------------------------------------------------------------------|-------------|--------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
| | | мемлекеттік | жеке меншік | мемлекеттік | жеке меншік | мемлекеттік | жеке меншік | мемлекеттік | жеке меншік |
| 1 | Балабақша | 5 0 0 | 0 | 21476 | 0 | 21476 | 0 | 9450-13000 | 0 |
| 2 | Балалар толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық | 4 9 7 | 0 | 13523 | 0 | 13523 | 0 | 9450-13000 | 0 |
| 3 | Балалар жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық | 8 5 | 0 | 6762 | 0 | 6762 | 0 | 4725-6500 | 0 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК